

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, III

Кішкентай орын





Мақсаты: Ямайка Кинкейдтің «Кішкентай орын» кітабынан үзінді арқылы «екінші деңгейлі отарлау» ұғымының мәнін ашу. Отарланған елдердің жергілікті тұрғындарының тұрмысын, менталитетін турист танымы арқылы ашу.

Тірек сөздер: саяхатшы, отар, отарланған, демалыс, аралдар, пост-колония, жемқорлық, екінші деңгейлі отарлау, жергілікті тұрғындар т.б.

Американдық зерттеушілер Джулия Ривкин мен Майкл Райанның «Әдебиет теориясы» атты антологиясымен таныстыруды одан әрі жалғастырамыз. Қос автордың бұл еңбегі қазіргі кезде үш рет қайта басылып, гуманитарлық сала мамандарының үлкен қызығушылығын тудырып отыр.

Антологияда Ямайка Кинкейдтің «Кішкентай орын» (1988) деп аталатын туындысынан бірнеше фрагменттер беріледі. Енді аталған тақырыпқа рет-ретімен тоқталайық.

Ямайка Кинкейдтің бұл еңбегінде «екінші деңгейлі отарлау» ұғымы баяндалады. «Екінші деңгейдегі отарлау» көбіне солтүстік аймақтың және батыстың ауқатты тұрғындарының бұрынғы отарланған, көбіне, оңтүстік және шығыс халықтары мекендеген жерлерді өздеріне пайдалы өндірістік нысанға айналдыруға талпынуы.

Мұндай формадағы отаршылдықтың айқын белгісі, Я. Кинкейдтің пікірінше, саяхат саласы болып табылады. Даму деңгейі біршама төмен елдердің мекендеген жерлері отаршылдардың мәдени дамуы мен өз өздерін сынап көру алаңына айналған мұндай саяхаттың түрі символикалық сипатқа ие болады. Э.М. Форстердің «Индияға саяхат» атты романы, бұл ретте, осының айқын мысалы бола алады.

Я. Кинкейд Антигуадағы саяхаттан нақты мысал келтіреді. Саяхаттанушы В.К. Бёрд атындағы халықаралық әуежайға келіп қонады. Вере Корнуолл Бёрд Антигуа елінің премьер-министрі. Өзінің құрметіне мектептің, аурухананың не ұлы бір ескерткіштің атын таңдамай, әуежайды таңдаған премьер-министрдің қалауына саяхаттанушы біршама таңданыс білдіреді. Ұшақ қонуға аз қалғанда оған: «Меніңше, бұл өзім көрген барлық аралдардың ішіндегі ең ғажайып арал болса керек», – деген ой келеді.

Ал аралдағы өсімдіктердің тығыз орналасуы бұл аймақта тұрақты емес, көбіне, өткінші жаңбырға иек артатыны саяхатшыны онша ойландыра қоймады. Оның ойында қазір тезірек мол ақша жинап, Солтүстік Америкадағы сүреңсіз күндерін артқа тастап, осы Антигуаға келіп, күні бойы күннің шуағына қыздырынып жату болатын. Ал бір жағында Атлант мұхиты, бір жағында Кариб теңізі бола тұра, осындағы ұзақ құрғақшылықтан әрбір тамшы суды үнемдеп, күнін өткізіп жатқан тұрғындардың жайы саяхатышының ойына да кіріп шықпады.

Саяхатшы кедендік бақылауды өтеді. Кинкейд, Солтүстік Америка немесе Еуропадан келген ақ нәсілді саяхатшылар негроид нәсілділерге қарағанда кедендік бақылаудан әлдеқайда жеңіл өтетінін байқайды. Олар көбіне туыстарына арналған арзан киім-кешектер мен тағамға толы сөмкелерін арқалап, Антигуаға Еуропа мен Солтүстік Америкадан қайтып келеді.

Кеденнен шыққан саяхатшы қоңырсалқын самалмен терең дем алып, жағымсыз сезімдерден арылып, еркін әрі жайдары сезімдерге бөленеді. Ол такси жалдап, қонақ үйді бетке алады.

Олар келе жатқан жолдың әбден тозығы жеткен екен. Саяхатшының көңіл күйі керемет: «Солтүстік Америкада әбден үйренген автомагистралдардан мына жолдардың айырмашылығы жер мен көктей екен» деп бір сөйлеп қойды. Жүргізуші жол ережесіне пысқырмайтын кісі секілді. Кездескен көліктің бәрін басып озып, қырға қарай жүргенде де сағатына 40 миль деген ескертуге де мән бермей зуылдап келеді. Бұл саяхатшыға үрей туғызуы мүмкін (себебі ол еңбек демалысында ғой) немесе оны қайта керісінше қызықтыра түсуі мүмкін (өйткені ол саяхатшы ғой). Алайда Я. Кинкейдтің пайымдауынша, егер саяхатшы Нью-Йорк тұрғыны болса, онда көлік жүргізудің осындай стиліне үйреніскен болса керек-ті.

Саяхатшы бүкіл автокөліктердің жаңа екенін немесе жапондық шетелдік марка екенін байқап отыр. Себебі мұнда американдық автокөліктер кездеспейді: не жаңасын, не соңғы он жылда құралып жасалғанын да таппайсың.

Саяхатшы іштей ойлады: «Неге ғана осы шетелдік көліктер құдды бір қирағалы тұрған транспорт секілді қорқынышты дыбыс шығарады екен, а?». Мұны қалай түсіндіруге болады? Мүмкін, бұның себебі – жаңа шетелдік автокөліктер құрамында этилі жоқ бензинге



арналмағанына қарамастан, этил спирті қосылған бензин қолданатындықтан болар?! Әрине, бұл туралы жүргізушіден сұраудың мәні жоқ. Өйткені ол құрамында этил спирті жоқ бензин дегеннің не екенін өмірінде естімеген де. Саяхатшы дәл осындай автокөлікті армандап-ақ отыр. Алайда бұл арманы орындалмасы анық. Себебі шетелдік автокөліктердің бағасы тым жоғары. Оның үстіне жазғы уақытта демалу үшін жыл бойы маңдай терін сарпып жұмыс істейтін адам үшін қымбат дүние болар еді? Ендеше, қарапайым жұмысшы мұндай бағалы көлікті қалайша сатып алмақ? Оның үстіне, осындай көлікке лайықты үйде де тұрмайды. Әрине, жоқ. Үкімет автокредиттер беруді қолдағанмен, тұрғын үй ипотекасын ресімдеу оңайға түсе бермейді. Антигуада екі ірі автокөлік салоны бар. Екеуі де үкіметтің қарамағында. Турист көлік жүргізуші жүргізу емтиханын тапсырды ма, жоқ па деген сұраққа бас қатырмасы анық (десек те, бір кездері жүргізу куәлігін сату туралы жанжал туындаған еді).

Көше дәретханасына ұқсайтын мына бір ұсқынсыз ғимарат – «Пиггот мектебі» болып шықты. Одан ары Холбертон ауруханасының жанынан өтіп бара жатып, саяхатшы жүрегі бір түрлі зырқ ете қалғанын сезді. Көлік жүргізушілердің бірі кедір-бұдырлы жолда көлікті басқара алмай қалса, ал саяхатшы болса, қарама-қарсы ызғытып келе жатқан көлікте отыр ғой. Мына ауруханада жергілікті ауыл тұрғындары сенім білдірмейтін біліксіз мамандар жұмыс жасайтынын білсе, өзін қалай ұстар еді? Денсаулық министрі немесе саясаткер өзін жайсыз сезінсе, бірінші рейспен Нью-Йоркке кетіп, білікті дәрігерден кеңес алар еді ғой...

Өзімен кітаптар ала жүру жақсы ой болған екенін түсінді, себебі мына жерде кітапхананың қарасы да көрінер емес. Ірі жер сілкінісіне дейін Антигуада керемет бай кітапхана болған екен. 1974 жылғы жер сілкінісі кітапхананы күл-талқан еткен екен. Көп ұзамай кітапхананың бұрынғы ғимаратының маңдайшасында: «Бұл ғимарат 1974 жылғы жер сілкінісі салдарынан құлаған. Жөндеу жұмыстары жүргізілуде» деген жазу пайда болған. Сол жылдары ілінген маңдайша он жылдан астам уақыт бойы ілініп тұр. Саяхатшы бабалары құл болған, уақыт деген құбылыс туралы түсініктері қызықты мына аралдықтарға таңғалар еді. Мүмкін, ұзындығы 12 миль және ені 9 миль құрайтын Антигуа аралы үшін 12 жыл, 12 минут және 12 күн деген ұғымдардың арасында айтарлықтай айырма жоқ шығар?! Кітапхананың бүгінгі қираған ғимараты колониалды дәуірлердің көне ғимараттарының бірі болып саналады. Жер сілкінісінен кейін Антигуа Британияның құлдығынан босап шығады. Антигуалықтар тәуелсіздігін мәртебе тұтып, жыл сайын осы күнді салтанатпен тойлап, шіркеуге ағылып, Тәңірге шүкіршілік етуді ғұрыпқа айналдырған.

«Одан ары, турист өзімен алып шыққан кітаптарының ішінде экономика тарихы туралы кітап табылуы мүмкін», – дейді Я. Кинкейд. Міне, осы кітапта Батыстың (Еуропа мен Солтүстік Американы айтып отыр) қалай байығаны туралы жазылуы ықтимал. Саяхатшының жоспарланған демалысын құртатындай қуғындау мен билік туралы ойламаса да болады. Ол ешкімге ештеңе қарыз емес. Шынтуайтында, саяхатшы аралдықтарға үлкен көмек көрсетті десе де болады. Оны әсіресе, саяхатшы Үкімет үйіне, Премьер-министрдің кеңсесіне, Америка елшілігіне, әулие Иоанн айлағына керемет көрініс ашылатын Парламент үйінің жанынан өткенде, тереңірек сезінеді.

Дәл қазір саяхатшы отырған автокөлік жекежайдың жанынан жүріп өтті. Бұл жекежай қарт сиырдың тезегінен нәр алып өскен қызылды-жасылды гүлдермен және сансыз сымдармен көмкеріліпті. Бұл әсем үйде тұратын адамдар – Антигуаға Таяу Шығыстан осыдан 20 жылдан астам уақыт бұрын көшіп келген көпес отбасынан шыққандар. Ол кезде отбасы мүшелері жалдамалы пәтерлерде, иықтарында тасып жүретін шабандарынан ұсақ-түйек заттарды сатып күнелтетін. Қазір бұлар бақуатты адамдарға айналған, үкіметке ақша салымдарын жиі жасап, Антигуаның астанасы – Сент-Джонс қаласының ортасында сүйкімсіз болса да, биік ғимараттарды салумен айналысады. Үкімет болса, сол ұсқынсыз бетон ғимараттарды қомақты сомаға жалдап отырады. Көпес отбасының мүшелері Антигуаның Сириядағы елшілері болып қызмет етеді. Әрине, антигуалықтар көшіп келген көпес отбасы мүшелерін жек көреді.

Жекежайға жақын маңда наркобаронның әсем де биік жекежайы тұр. Наша патшасының жекежайынан да биік тұрған тағы бір жекежайды назарға ілмей қалдыруға болмайды. Бұл жекежайға қарай Антигуадағы ең жақсы, асфальтталған жол тартылған. Тіпті бұл жолды 1985 жылы королеваның саяхатына арнап салынған Антигуадағы ең үздік асфальт жолына қарағанда мықты деуге болады (королеваның Антигуаға сапарынан тек жақсы естеліктер алып кетуі үшін



ол келер алдында мұндағы жолдар түгел жөнделіп, жаңа асфальт құйылғанды). Жекежайдың қожайыны Эвита жоғары билікті шенеуніктің сүйкімді де жап-жас ашынасы болатын. Атағы Антигуаға кең жайылып, жұрттың өсегіне қалған жан. Бүгінде оның әртүрлі дүкеншелері мен жылжымайтын мүліктері бар, министрлер мәжілісінде дауысқа ие. Бұдан басқа Эвитаның «ашыналық» тарту еткен қосымша жеңілдіктері де баршылық.

Я. Кинкейд турист осының бәрінен әбден шаршағанын, дйттеген межелі жеріне – қонақүйге жылдам жеткісі кеп отырғанын да тілге тиек етеді. Саяхатшының қарны да ашып қалған сыңайлы: ол жергілікті асхананың дәстүрлі тағамы – лобстерді жеп көруді армандаумен келеді. Саяхатшы қонақүйге келіп, салқын душ қабылдап, тісін тазалады. Содан кейін таза киімдерін киіп, терезеден көз тастады. Ол бұрын-соңды мұндай тамаша суды көрген бе екен?! Көкпеңбек көкжиек пен Солтүстік Американың көгілдір аспаны астасып, одан ары қарай жағалаудағы сумен жалғасып жатыр. Жағалау суының мөлдірлігі сондай, оның қызғылтым-ақшыл түсті түбіндегі әрбір тасты санамалап көруге болатындай. О, Тәңірім, не деген керемет десеңізші! Не деген сұлулық десеңізші! Ол бұрын-соңды мұндай кереметті көрмеген! Тамсанып, таңданып қарады! Саяхатшы мына тамаша су үстінде құсша қалқып, виндсерфермен ызғып бара жатқан жас жігітті көзі шалды. Бір сәтте жағалау бойындағы тамаша құм үстін салмақпен басып, қыдырып жүрген сүйкімсіздеу толықша әйелді байқады. Жанына өзіне ұқсайтын бір еркекті серік етіп, екеуі айналаға тамсанып келеді. Ол терезеден сыртқа қарауды тоқтатпастан, жарқыраған күннің көзінде жағажайда демалып, қыздырынып жатқанын қиялдап кетті.

Саяхатшы жағалауда қыдырып жүргенін, жергілікті тағамнан дәм татып отырғанын көзге елестете бастады.

Аралдағы дәретхана мен жуынатын бөлме сулары қайда кетіп жатқанына таңғалмайтын болар?! Себебі лас су саяхатшы шомылуды армандап тұрған мына мөлдір суға келіп төгіледі. Антигуада ақпа суларды құятын басқа су жүйелері жоқ. Кариб теңізі – ұшы-қиыры шексіз ғой, шіркін. Бірақ Атлант мұхитының сулары жалмаған қара нәсілді құлдардың саны кез келгенді таңғалдырары анық. Оның алдына тосылған әрбір дәмді тағамның Майамиден ұшақпен жеткізілетінін білмегені дұрыс-ау. Ал Майамиге олар қайдан жеткізілді десеңізші?! Бәлкім Антигуа секілді бір кішкентай ғана жерде өсіріліп, тиынға сатылып, содан кейін Майамиге жеткізіліп, одан ары қайтадан осында әкелінген шығар да?!

Саяхатшы Я. Кинкейдтің сөзінше, жергілікті тұрғындар үшін – беймәлім бір жаратылыс. Мұнда автор қарапайым адамның саяхатшыға айналатын кезі туралы айтып отыр. Автор: «Күн сайын сіз өзіңізге ұната қараған көптеген адамдармен кездесесіз. Күн сайын сіз өзіңіз тұратын әрі жұмыс жасайтын, енді ғана гүлденіп келе жатқан мегаполисте қыдырып жүріп, сансыз адамдар арасында да өзіңізді жалғыз сезінетініңіз туралы ойлайсыз. Танысу үшін ғасырлар қажет болатындай, осынша көп адамның ішінде жүріп, өзіңді жалғыз немесе сүйкімсіз сезіну – не деген қасірет десеңізші! Бір сәтте, көзіңіздің қиығымен өзіңізге қызыға қарап тұрған немесе жай ғана назар аударып тұрған біреуді көрсеңіз, әдеттедегідей, сіздің жаныңызда басқалар өзін ыңғайсыз сезінбейтінін түсінесіз».

Сонымен, Я. Кинкейдтің айтуынша: «күнделікті өмірде сіз сүп-сүйкімді, өзгелердің (өзіңіз секілді қарапайым адамдардың) назарын аудара аларлықтай тартымдысыз. Өз үйіңіз – өлең-төсегіңіз. Өз үйіңіз, аулаңыздың артқы жағындағы кіп-кішкентай бақшаңыз, күнделікті көріп жүрген көрші-үйлер, қайталана беретін жұмыс, аптасына бір барып тұратын ғибадат орындары, отбасыңыз, достарыңыз – бәрі-бәрі, қарапайым адамның қарапайым өмірі. Сіз бір бұрышта отырып қаласыз, сансыз адамдар тобырында тұрып та, өзіңізді жалғыз сезінесіз. Сол сәтте өзіңізді бөтен жерге орынсыз уақытта келіп қалғандай сезінесіз. Бірақ сіз өзіңіздің ішкі әлеміңізге сүңгіп кетуге дайынсыз. Қарапайым адам болу үшін көп-көп күш жұмсау керек. Десек те, нәтижесінде осы күйіңізге қол жеткізесіз».

Әрине, Я. Кинкейд сізде «Осы менің кеткенім дұрыс-ау» деген ой туындауы ықтимал дейді. Алайда бай өмірлік тәжірибеңізді еске алып, көптеген қиындықты жеңіп өтіп, жақын жандарыңызды жоғалтып, өзіңіздің тірі әрі осында екеніңізді түсінесіз. Осы алпауыт сезімнің шырмауында алыс жерлердегі жағажайға сапар шегесіз. Мұнда сіздің жаныңыз рақат тауып, ыстық құм үстінде еріне жатасыз. Сіз өткен күндеріңізді еске аласыз, алайда мұның бәрі маңызсыз әрі жадыңызда қайғы-мұңның ешбір ізі де қалмағанын түсінесіз. Ақыры өз-өзіңізбен,



басқа адамдармен және табиғатпен үйлесімді өмір сүру керектігі туралы қорытынды пікірге келесіз.

Сөйтіп, саяхатшы үйлесімділік табу үшін сапар шеккен Антигуада жергілікті тұрғындардың қарапайым матаның кіп-кішкентай бөлігін өзгертіп, арзан заттардың өзін құнды заттарға қалай айналдырып жатқанына назар салады... Ол жергілікті тұрғындардың бабалары өзінің бабаларынан әлдеқайда ақымақтау болғанын, сонда да адами қасиеттері көбірек болғанын түйсінді. Әйтпесе, олар табиғатпен және өз-өзімен үйлесім таба ғұмыр кешпес еді?

«Ең жаманы сол, – дейді Я. Кинкейд, – күл-қоқыстың әрбір бұрышын мұқият қарап, назар салып отырған сізге, саяхатшыға жергілікті тұрғындар жиіркенішпен қарап, сізді біртүрлі жаратылыс көретіні. Олар сіздің мінез-құлық, әдеттеріңізді әдепсіз деп есептеді (олар үшін сіз үйреншікті әдіспен тамақ жегеніңізде күлкілі көрінесіз. Себебі жергілікті халық тамақты қолмен жеуге үйренген)...» Олар сіздің сыртқы тән сұлулығыңызға қызыға қарамасы анық. Сіздің сөйлеу мәнеріңізді де ешкім ұнатып тұрған жоқ (сізде акцент бар). Қысқасы, сіз жергілікті тұрғындардың ешбіріне ұнамадыңыз... Әрине, сіз өзіңіздің ұнамсыз екеніңізді ойламассыз. Алайда өзіңізді ыңғайсыз, тіпті, өзіңізді орынсыз жерде тұрғандай сезінерсіз. Өміріңіздің мәнсіз болғаны сонша, ақыры, «не болса о болсын» деп, өзіңізге немқұрайлықпен қарап отырған адамдар тобырының ішіне кіріп, уақытыңызды өткізесіз. Сіз, тіпті мына адамдарға да қызыға қарап отырғаныңыз жоқ, мұндай көршілердің болғанын қаламас та едіңіз. Сіздің санаңыздағы ойлар ақиқат па осы?» деп ойлайсыз. Бұл не деген қиын іс десеңізші?! «Әйтеуір, ұзақ сапардан үйіңізге оралғанда, саяхатшы рөлінен демалу керек болары анық».

Осы үзіндіні аяқтай келе, Я. Кинкейд жергілікті тұрғындардың саяхаттаушыларды не үшін соншалықты ұнатпайтынын түсіндіру соншалықты қиын еместігін жазады. Жергілікті тұрғындардың барлығы ықтимал саяхатшылар бола алады, ал әрбір саяхатшы – өзінің туған елінің жергілікті тұрғыны екені рас. Жергілікті тұрғындардың өмірі кәдуілгі, тіпті қызықсыз, мұң мен депрессияға толы болуы мүмкін. Олардың жақсы болсын, жаман болсын, жасаған әрбір қадамы мен әрекеті осы келеңсіздікті ұмытуға бағытталған болуы мүмкін. Әрбір жергілікті тұрғын күнделікті күйбең тіршіліктен бір сәтке тыншып, демалып, саяхатқа шығуды армандайды. Алайда адамдардың көпшілігі мұндай мүмкіндікке қол жеткізе алмайды. Себебі тым кедей өмір сүреді. Саяхатшыларды көргенде, оның күйбең тіршіліктен қашып, демалып жатқанына көре алмай қызғанышпен қарауы да осыдан.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар:

1. Үйінен жырақтағы жалғыздық күй адам өміріндегі нендей факторларға тәуелді деп ойлайсыз?
2. Екінші деңгейлі отарлау ұғымын қалай ұғындыңыз? Кітаптағы баяндаудан мысал келтіріңіз.
3. Отарланған елдердің саяхаттық аймаққа айналу себебі неде? Я. Кинкейдтің мәтінінен мысал келтіріңіз.
4. Аралдарға, бұрынғы колонияларға демалуға келген саяхатшылар бұл жерлердің қолайсыз жағдайының себебі туралы ойланбайтыны неліктен?

Әдебиеттер:

1. Kincaid Jamaica. A Small Place. –Farrar, Straus & Giroux,1988. – P. 3-14.